

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің "Экономикалық зерттеулер институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы (шаруашылық жүргізу құқығында)

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 желтоқсан N 1748. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.23. N 459 қаулысымен

"Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастырудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1191 P991191_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің "Экономикалық зерттеулер институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында) мемлекеттің жарғылық капиталда жүз пайыз қатысуы және акциялардың мемлекеттік пакетін республикалық меншікте сақтау арқылы "Экономикалық зерттеулер институты" жабық үлгідегі коммерциялық емес акционерлік қоғамы етіп (бұдан әрі - "Экономикалық зерттеулер институты" ЖАҚ) қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Экономикалық зерттеулер институты" ЖАҚ-ның жарғысын бекітсін және оны мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) "Экономикалық зерттеулер институты" ЖАҚ мемлекеттік тіркеуден кейін белгіленген тәртіппен жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінің 25%-ынан артық емес сомаға акциялардың қосымша эмиссиясын шығару жолымен оның жарғылық капиталын ұлғайтуға шаралар қабылдасын. Акциялардың қосымша эмиссиясын орналастыруды институт қызметкерлері құрған заңды тұлғалардың арасында жабық әдіспен жүргізсін;

3) "Экономикалық зерттеулер институты" ЖАҚ акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне берсін;

4) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 P960790_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген бөлімдегі реттік нөмірі 30а-3-жол алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 165 P010165_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 54-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде "Экономикалық зерттеулер институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны" (шаруашылық жүргізу құқығында)" деген жол алынып тасталсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.